

қазақ тілінің де үйренуіне негіз болуда. Ал, адамның ішкі наным - сенімінен туындайтын дін мәселесі де мейлінше еркіндік алған. Нәтижесінде мемлекетімізді әр түрлі діни сенім өкілдері, ғибадат ғимараттары татулыққа негізделген бағытта жұмыс жасауда.

Әрине, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап бүгінгі жаңа Қазақстан кезеңі аралығындағы отыз жылдан астам уақытта мыңдаған өзге ұлт өкілдері өздерінің тарихи Отандарына оралды. Алайда, қазақ халқының өзге жандарға деген ізгі ілтипаты мен Ассамблея ұйымының белсенді еңбектері олардың Қазақстан мемлекетін жүрек түкпірлерінде сақтап, ұлтымызға деген құрметін арттыруда айрықша көмегін тигізді. Осыдан 22 жыл бұрын Қазақстаннан көшіп кеткен жазушы Леонид Данилович Кривошеков бір жазбасында «Бір кездері маған туған Қазақстанымнан көшіп кетемін - ау деген ой келмеген еді. Өйткені, бұл мен өзімнің дүниеге келгенім үшін ғана қарыздар болатын жер емес. Бұл одан әлдеқайда үлкен ұғым. Отандастардың, адамдардың сан алуан үндегі, әр қылы бейнедегі ұлы туыстығы ажырағысыз бірлікте тұрып жатқан жерде мен өз тағдырымды шығармашылықпен байланыстырдым. Менің рухани тамырларым, менің бастауларымның бастауы - Қазақстанда» - деп тебірене жазған екен. Тәңірінің маңдайын жазған ғұмырының қуатты да шуақты шақтарын қазақ топырағында өткізген адамның бұлай толғанбасына амал жоқ. Мұның бәрі мемлекеттің ұлттық саясаты тиімділігінің аңыздық емес, өмірлік шындықтары.

Қорыта айтқанда даналарымыз айтқандай «Бірлік - түбі тірлік». Талантты ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай қазақ халқы «Қарасын ба, ақсын ба, қоңырсын ба, жатырқауды білмейтін» ел. Мұны әрбір «тар жол тайғақ кешу кезеңдерінің сынақтары сан мәрте дәлелдеген. Тек, жалған патриотизм арқылы өздерінің қитұрқы әрекеттерін жүзеге асырғысы келетін топтардан сақ болған жөн. Өткен ғасырдағы итальян саясаткері Кавурдың сөздерін өзгертіп айтқанда «Біз гүлденген жаңа Қазақстанды жасадық, енді нағыз патриоттардан құралған қазақстандықтарды жасауымыз керек». Әрине ол үшін жалынды жазушы М. Мағауиннің повесіндегі «бір атаның балаларындай» бір шаңырақтың астындағы түрі бөлек тілегі бір, ұлты бөлек жүрегі бір бауырларымызбен береке - бірлікте, ыдырамас ынтымақта, тұғыры биік татулықта болуымыз қажет. Ал, бұл жұмыстардың жүзеге асуында бейбітшіліктің қастерлі бесігіндей бағасы бар Қазақстан Ассамблеясының мән - маңызы аса айрықша бола бермек [1,36 б].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстан халықтарының ассамблеясы 10 жыл» - Астана «Елорда»
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Ә. Нысанбаев - Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998 жыл
3. С.Құсайынов «Қазақстан - қарашаңырағым». - Арна. Алматы, 2015.
4. Ж.Түймебаев «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 30 жылы. - «Издательство Золотая книга» ЖШС, 2021ж. - 320б.
5. «Астана Ақшамы» газеті № 24, 1 наурыз 2025, Ассамблея жылнамасына арналды.

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ: АССАМБЛЕЯ, ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БІРЛІК ФЕНОМЕНИ**

**Нургелдиева Г.**

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

mustafin\_yerkebulan@mail.ru

Қазақстан - этносаралық келісімді жүйелі түрде дамыта білген, көпэтносты тұрақтылық моделін қалыптастырған мемлекет. Қоғамдағы келісім, мәдени көптүрлілікті сақтау және азаматтық бірлікті нығайту - еліміздің саяси бағытының негізгі өзегі. Бұл бағыттың орталық институты ретінде 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) этностар арасындағы өзара сенімді, тең құқықтылықты және тұрақтылықты қамтамасыз етуде тарихи рөл атқарды.

Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінен бастап Қазақстан этносаралық саясатты ұлтаралық татулық пен толеранттылыққа негіздеп жүргізді. Қазіргі таңда елде 130-дан астам этнос өкілдері тұрады, олардың барлығы Конституциялық деңгейде бірдей құқықтарға ие. Ассамблея осы принциптің орындалуын қамтамасыз ететін ерекше мемлекеттік институт болып табылады [1, 24 б].

Қазақстан халқы Ассамблеясы - Мемлекет пен қоғам арасындағы диалог алаңы ғана емес, Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасымен құрылған ел дамуының стратегиялық құралдарының бірі.

Елбасы көпэтносты елдегі келісім мен бейбіт өмірді ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі деп бағалады. Оның “Қазақстанның басты жетістігі - бейбітшілік пен татулық” деген тұжырымдамасы этносаясаттың идеологиялық негізіне айналды [2, 17 б].

Назарбаев Ассамблеяның міндетін тек мәдени шаралар ұйымдастыру деп қарастырмай, оны ұлттық бірлікті сақтаудың саяси институты деңгейіне дейін көтерді. ҚХА-ға Парламент Мәжілісіне депутаттар сайлау құқығын беру - әлемдік тәжірибеде сирек кездесетін қадам, бұл да институттың ресми мәртебесін күшейтті [3, 44 б].

Елдегі этносаралық татулықтың негізгі тірегі - қазақстандық толеранттылық мәдениеті. Бұл ұғым төзімділіктен де жоғары: өзге этностарды құрметтеу, олардың мәдениетіне ашық болу, ортақ мақсаттарды бөлісу.

М. Ахмадиев “толеранттылықтың үш тірегі” тұжырымдамасында қоғамдық үйлесімнің мәнін былай түсіндіреді: диалог - сенім - мәдени өзара әрекеттестік [4, 181 б].

ҚХА осы бағыттарды дамыту үшін: «Мың бала»; «Бірлік мектептері»; этнос жастары форумдары; медиация орталықтары; достық фестивальдары сияқты жобаларды жүзеге асырып келеді.

Толеранттылық саясаты халықаралық деңгейде де мойындалған. БҰҰ мен ЮНЕСКО Қазақстан моделін биік бағалап, оны “көпэтносты қоғамдағы тұрақтылықтың тиімді тәжірибесі” деп атаған.

Этносаралық бірлік мәдениет, спорт, өнер саласындағы тұлғалардың еңбегінен де көрінеді.

Әлемдік опера жұлдызы Мария Мудряк - этникалық әртүрлілік пен қазақстандық мәдениетті халықаралық деңгейде насихаттаушы тұлға. Оның көпұлтты шығармашылық ұжымдармен жұмыс істеуі, Қазақстан имиджін күшейтудегі еңбегі Ассамблея саясатының рухымен үндеседі [5].

Спортта Геннадий Головкиннің ұлттық шапан киіп шығуы - тек спорттық символ емес, көпэтносты Қазақстанның ортақ мәдени бірегейлігінің көрінісі.

25 қараша күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев World Boxing халықаралық федерациясының президенті Геннадий Головкинді қабылдап, оны жаңа қызметімен құттықтады. Президент әйгілі спортшыны әлемдік деңгейдегі спорттық ұйымды басқарған алғашқы қазақстандық ретінде атап, оның есімінің тарихқа алтын әріппен жазылатынына сенім білдірді. Кездесу соңында отандық спортты дамытуға қосқан зор үлесі үшін Геннадий Головкин I-дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Өз кезегінде GGG көрсетілген қолдау үшін алғыс айтып, бокстың елде және әлемдік аренада дамуына үлес қосатынын жеткізді.

Головкиннің жетістіктері спорттағы даралығы мен Қазақстанның мәдени бірегейлігін көрсететін маңызды символ болып табылады. Оның еңбегі ұлттық спортты алға жылжытып, елді әлемдік аренада танытуға қосқан үлесімен есте қалады.

Сол сияқты мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннің де жетістіктері ел бірлігінің символы ретінде қабылданған.

Көптеген елдердің сарапшылары мен халықаралық ұйымдар Қазақстанның этносаясатын ерекше феномен деп есептейді. Мысалы Еуропа кеңесі Қазақстанды “көпконфессиялы қоғамды басқарудың тиімді үлгісі” деп таныған. Ал Азия елдерінің зерттеушілері ҚХА-ны этносаралық шиеленістердің алдын алу тетігі ретінде бағалайды. Сонымен қатар, Ресей мен Балқан мемлекеттерінің сарапшылары Қазақстан моделінің тұрақтылығын “мемлекеттік саясат пен қоғам құндылықтарының үйлесімінің нәтижесі” деп көрсеткен.

Бұл пікірлер Қазақстанның этностық келісім саласындағы тәжірибесінің халықаралық деңгейде мойындалғанын дәлелдейді.

Тәуелсіздік жолындағы қиындықтарды бастан кешкен халық арасынан тұрақты әрі өркендеген азаматтық қоғам қалыптастыру - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі. Ол қоғамдағы келісім мен татулықты, ата-бабаларымыздың сын сағатта ел намысы мен бостандығы үшін күрескенін негізге ала отырып, болашақ Қазақстан үшін ұлтаралық келісім мен бірліктің маңызын алға тартты. Елбасының: «Ұлттық саясат тиімділігі мен бәсекеге қабілетті мемлекеттің арасында тікелей тәуелділік бар...» деген сөздері осыны дәлелдейді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың толеранттылыққа негізделген ішкі және сыртқы саясаты, этносаралық және конфессияаралық бейбітшілікті сақтау қабілеті Қазақстанның қарапайым азаматтары мен әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалды. Қазақстан Халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, Болгар мәдени орталығының төрағасы Олег Дымов «Отанға айналған жер» жазбасында Елбасының парасаттылық бастамаларын атап, Қазақ жеріне деген ыстық сезімін былай жеткізген: «Ертеден бойымда туған Отаным... Мұндағы ауаның өзі де мен үшін ең таза, тағамы да ең дәмді, домбыраның үні жан дүниемді елжіретеді».

2025 жылы Достық үйлерінің жұмысы кеңейіп, олардың қызметіне жаңа бағыттар енгізілді. Соның ішінде: медиация орталықтары; сараптамалық-талдау кабинеттері; этносаралық зерттеу топтары; жастарға арналған “Birlik Hub” алаңдары; этнос тілдерін цифрлық форматта оқыту курстары.

2025 жылғы ресми есептер бойынша, елімізде 10 толыққанды Достық үйі жұмыс істейді, ал 6 өңірде жаңаларын ашу жоспары өзектілігін сақтап отыр [2, 69 б].

2025 жылы ҚХА мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті арасында меморандумға қол қойылды. Құжаттың маңызды бағыты - университет базасында ҚХА-ның “Елтану” ғылыми-зерттеу институтын құру туралы шешім қабылдауы.

Институт әлі ресми түрде құрылу кезеңінде, бірақ болашақта: этносаралық қатынастарды ғылыми тұрғыда зерттеу, ҚХА бастамаларына талдамалық сүйемелдеу, ғылыми кадрлар даярлау, ағартушылық бағдарламалар әзірлеу міндеттерін атқаруы көзделген.

ҚХА хатшылығы бұл институтты “елдің этносаралық саясатын ғылыми қамтамасыз ететін интеллектуалды орталық” ретінде қалыптастыруды жоспарлап отырғанын атап өтті [3]

Қорытындылай келе Қазақстанның этносаралық келісім моделі - ел дамуының негізгі стратегиялық тірегі. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы, Достық үйлері, толеранттылық саясаты, азаматтық бірлік концепциясы, мәдениет пен спорттағы тұлғалардың үлесі және ғылыми орталықтардың құрылуы - бәрі біртұтас ұлттық келісім жүйесін құрайды.

2025 жылы қабылданған жаңа бастамалар, оның ішінде “Елтану” ҒЗИ-дың құрылуы, Ассамблеяның дамуын жаңа ғылыми деңгейге көтермек.

Қазақстан тәжірибесі әлемдік деңгейде мойындалып, этносаралық татулық мәдениетінің тұрақты үлгісі ретінде қалыптасуда.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы материалдар. - Астана, 2024. -24 б.
2. Достық үйлерінің қызметі туралы есеп. - Алматы, 2025. -17 б.
3. ҚХА мен Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ арасындағы меморандум туралы ресми ақпарат. -2025. -44 б.
4. Ахмадиев М. Этносаралық қарым-қатынас негіздері. - Алматы, 2019. -181 б.
5. Қазақстан мәдениеті: халықаралық жобалар. - 2022.

### **АССАМБЛЕЯ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Сәкен К.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

mustafin\_yerkebulan@mail.ru

Қазақстан - сан түрлі ұлт пен ұлыстың қасиетті мекені, бейбітшілік пен келісімнің алтын бесігі. Ежелден бауырмалдық пен төзімділікті ту еткен қазақ жері бүгінде жүзден астам этностың ортақ шаңырағына айналды. Бұл - кездейсоқ жетістік емес, ғасырлар бойы қалыптасқан мейірім мен даналыққа, парасат пен ізгілікке негізделген ұлттық дәстүрдің жемісі. Ел тағдырындағы ең басты байлық - жер қойнауының байлығы да, табиғи ресурстар да емес, халықтың бірлігі мен татулығы, азаматтардың өзара сыйластығы мен сенімі. Осы асыл құндылықтардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп отырған, елдіктің ұстынын бекемдеген бірегей институт - Қазақстан халқы Ассамблеясы.

1995 жылы Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы - қоғамдағы этносаралық келісімнің нақты тетігіне айналған тарихи институт. Оның құрылуы еліміздің жаңа дәуірдегі даму бағытын айқындап, «Бірлік - берекенің бастауы» қағидасын өмірдің өз өзегіне айналдырды. Ассамблея - еліміздің көпэтносты бейнесін бейбіт жолмен өркендетудің, ел ішінде татулық пен тұрақтылықты сақтау ісінің сенімді тұтқасы [1, 124 б.].

Ассамблеяның басты мақсаты - қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, халықтар арасындағы өзара сыйластықты арттыру, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мәдениетін қалыптастыру. Бұл ұйымның ерекшелігі - ол тек кеңесші орган ғана емес, елдің қоғамдық-саяси өмірінде белсенді рөл атқаратын қуатты платформа. Ассамблея аясында этностар өз мүдделерін еркін білдіріп, мемлекет пен қоғам арасындағы дәнекер қызметін атқарады [3, 47 б.].